

«Бекітемін»  
ЖШС «Happy kids home» балабақшасы  
менгерушісі: Есеналиева А.С  
«29» тамыз 2024 жыл  
№1 педагогикалық кеңестің  
шешімінде қабылданды

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
перспективалық жоспары  
Ересек «Болашақ» тобы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> өкшемен жүру: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) тепе-теңдікті сақтап жүру; аяқтың ұшымен жүгіру; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу; бір орында тұрып секіру; заттардың арасымен доптарды домалату : сапқа тұру:</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар:</b> таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, (бір уақытта кезекпен) төмен түсіру; екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу; ( жылдам және бір қалыпты) аяқтың ұшына көтерілу және тұру;</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b> балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру:</b> балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.</p> <p><b>Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</b> балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:</b> өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> шынықтырудың барлық түрлерін жүргізу.</p>	<p>Өкшемен, сызықтарның арасымен тепе-теңдік сақтап жүреді, аяқтың ұшымен жүгіреді. доптарды домалатады, заттарды қашықтыққа лақтырады, доптарды кедергілер арқылы лақтырады және қағып алады; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие;</p>

<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> диалогтік сөйлеуді жетілдіру.</p>	<p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады;</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тындауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p>	<p>Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды;</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта:</b> айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға мүмкіндік беру; <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту ;</p> <p><b>Сөздік қор:</b> қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің ,жануарлардың құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру ;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы :</b> сөздерді жіктеп қолдана білуге үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы,лепті,бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру.</p>	<p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар меқұбылыстар туралы біледі. Қоршаған ортадағы заттардың, жануарлар мен табиғат құбылыстарының атауларын түсінеді,атайды. Сөздерді жіктеп қолдана біледі Қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы,лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап береді</p>

<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b> балаларға жиын ұғымын таныстыру.</p> <p><b>Сан, санау:</b> 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Шама:</b> заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b> балаларды геометриялық фигураларды үйрету.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау:</b> кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері;</p>	5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды;
<b>Сурет салу</b>	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру.	Жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады;
<b>Мүсіндеу</b>	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу.	Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді;
<b>Жапсыру</b>	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.	Қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады;
<b>Құрастыру</b>	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру	Құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды,

		<p><b>Қағаздан құрастыру:</b> қағаздан құрастыруға үйрету.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:</b> қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары).</p>	<p>оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады;</p> <p>қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі;</p>
<b>Музыка</b>		<p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Балаларды мәнәрлеп ән айтуға үйрету,</p> <p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Балаларды мәнәрлеп ән айтуға үйрету, Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, Балалар музыкалық аспаптарында ойнау</p>	<p>Музыканың мазмұны туралы айтады;</p> <p>әнді мәнәрлеп, айтады;</p> <p>әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды;</p> <p>марш сипатын ырғақты жүрумен береді</p> <p>музыка жанрларын анықтайды;</p> <p>Балалар музыка аспаптарында ойнайды.</p>

<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>		<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.</p> <p><b>Заттық әлем:</b> балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары:</b> қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b> балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</b> балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге тәрбиелеу.</p> <p><b>Менің -Отаным Қазақстан:</b> Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.</p> <p><b>Жолда жүру ережелері:</b> көлік түрлерімен таныстыру.</p> <p><b>Өлі табиғат заттары мен заттары:</b> табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі:</b> өсімдіктер, оларға күтім жасау.</p> <p><b>Жануарлар әлемі:</b> төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы).</p> <p><b>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары:</b> қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту</p>	<p>Бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді,</p> <p>еңбек етуге қызығушылық танытады; өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады; көлік түрлері мен жол түрлерін атайды; өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым әдістерін біледі;</p> <p>көшеде, аулада, алаңда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінезқұлық ережелерін сақтайды;</p>

--	--	--	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қазан	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> аяқтың сыртқы қырымен жүру; сызықтардың арасымен тепе-теңдік сақтап жүру; тізені жоғары көтеріп жүгіру; көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; қос аяқпен секіру;</p> <p>кұрсауларды бір-біріне домалату; сап түзеу;</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар:</b> таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолдарын арқасына апару; оңға, солға еңкею, шалқаю; екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату;</p>	<p>Аяқтың сыртқы қырымен жүреді; сызықтардың арасымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; тізені жоғары көтеріп жүгіреді; ұзындыққа қос аяқпен секіреді; шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген;</p>

		<p><b>Спорттық жаттығулар:</b> велосипед тебу: оңға, солға бұрылу.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b> дене шынықтыру құралдарын қолдану.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру:</b> тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</b> өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:</b> өз бетінше киіну мен шешінуді,</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу:</p>	
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну,</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> әңгімеге қатысуға баулу,</p>	<p>Ақырын, жылдам сөйлейді; сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс, анық айтады;</p>
	<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Балаларды тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға үйрету.</p>	<p>Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады;</p>

	<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b></p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды талқылауға мүмкіндік беру</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту</p> <p><b>Сөздік қор</b></p> <p>Туыстық қарым-қатынасты (сіңлі, жеңге, нағашы, жиен, бөле) білдіретін сөздерді үйрету</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөздерді тәуелдеп қолдана білуге үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді ажырата білуге баулу</p>	<p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды талқылайды.</p> <p>Туыстық қарым-қатынасты (сіңлі, жеңге, нағашы, жиен, бөле) білдіретін сөздерді біледі.</p> <p>Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді ажырата біледі</p>
	<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Жиын:</b> оның әртүрлі түстегі, пішіндегі туралы түсінік беру;</p> <p><b>Сан, санау:</b> реттік сан есімдерді атау;</p> <p><b>Шама:</b> ұзындығы, енін салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар:</b> балаларды денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау:</b> берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен);</p>	<p>Екі затты ұзындығы, ені бойынша салыстырады; «бүгін», ұғымын ажыратады;</p>

	<b>Уақытты бағдарлау:</b> «бүгін» туралы ұғымдарын кеңейту.	
<b>Сурет салу</b>	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту	Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады;
<b>Мүсіндеу</b>	Өртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу тәсілдерін қолданады;
<b>Жапсыру</b>	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды;
<b>Құрастыру</b>	Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру; <b>Қағаздан құрастыру:</b> қағаздың парағын ортасынан бүктеуге, шиыршықтауға үйрету. <b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:</b> тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардыңқандай материалдан жасағанын зерттеу.	Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды;
<b>Музыка</b>	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай

		<p>шегінде).</p> <p>Музыканың сипатын сезінуге үйрету</p> <p>әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру</p> <p>марш сипатын ырғақты жүріспен беру,</p> <p>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>	<p>соңына дейін тыңдайды);</p> <p>әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтады;</p>
	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу.</p> <p><b>Заттық әлем:</b> жақын маңдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары:</b> әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b> берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру:</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</b> ренжіген балаға жанашырлық танытуға үйрету;</p> <p><b>Менің -Отаным Қазақстан:</b> балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.</p> <p><b>Жолда жүру ережелері:</b> жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол);</p> <p><b>Өлі табиғат заттары мен заттары:</b> бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты)</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі:</b> бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің</p>	<p>Ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатады; айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіреді;</p> <p>бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді;</p> <p>өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытады;</p> <p>қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі;</p>

	<p>тірі тіршілік иелері екендігін түсіндіру.</p> <p><b>Жануарлар әлемі:</b> төрт түлік мал оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p><b>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары:</b> қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру;</p>	
--	---	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеті	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қараша	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> адымдап жүру; арқанның үстімен тепе-теңдік сақтап жүру; адымдап жүгіру; етпетімен жатып еңбектеу; 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), сапқа қайта тұру.</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар:</b> таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолды белге қою, кеуде тұсына қою; тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру; қатарынан 4-5 рет жартылай отыру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> екі немесе үш дөңгелекті велосепед тебу:</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту;</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b> спорттық және қимылды ойындарға арналған</p>	<p>Адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта жүгіреді; ұзындыққа қос аяқпен секіреді;</p> <p>екі, үш дөңгелекті велосипед тебеді, қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді</p> <p>өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың</p>

	<p>атрибуттарды пайдалануға ынталандыру;</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру:</b> «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну;</p> <p><b>Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</b> тамақтанар алдында қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:</b> тісін тазалауды жетілдіру;</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> дымқыл шүберекпен сүртінуді.</p>	ережелерін сақтайды;
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> артикуляциялық аппаратты жетілдіру <b>Сөздік қор:</b> заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға үйрету;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>	<p>Естіген дыбыстарды дұрыс айтады; белгілі дыбысқа ауызша сөздерді табады;</p> <p>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады;</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға үйрету.	Шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады; дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды

			жаңғыртады;
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b></p> <p>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>Қазақ тіліне тән ә дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу</p> <p><b>Сөздік қор</b></p> <p>Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт дәстүрлер туралы айтуға баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Өзі мен құрдастарының жауаптарының дұрыстығын ажырата білуге баулу</p>	<p>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді</p> <p>Қазақ тіліне тән дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтады</p> <p>Сөздерді септеп қолдана біледі</p> <p>Өзі мен құрдастарының жауаптарының дұрыстығын ажырата біледі</p>	
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b> заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру;</p> <p><b>Сан, санау:</b> сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p><b>Шама:</b> биіктігі бойынша екі затты салыстыру;</p> <p><b>Геометриялық фигуралар:</b> геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу;</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау:</b> заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру;</p>	<p>Биіктігі бойынша салыстырады;</p> <p>геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді; «кеше» ұғымын ажыратады;</p>	

		<b>Уақытты бағдарлау:</b> «кеше» туралы ұғымдарын кеңейту.	
<b>Сурет салу</b>	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа		Заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады;
<b>Мүсіндеу</b>	Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.		Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді;
<b>Жапсыру</b>	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.		Қысқа және ұзын жолақтарды қияды;
<b>Құрастыру</b>	Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау; <b>Қағаздан құрастыру:</b> қағазды көлемді пішіндерге, орамдарға айналдыра білу. <b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:</b> табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) заттардан құрастыру.		құрылыс бөлшектерін ажыратады; қағаз парағын түрлендіреді; табиғи заттардан құрастырады;
<b>Музыка</b>	Музыканың сипатын сезінуге үйрету, ((секста, септима шегінде жоғары, төмен), Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. таныс шығармаларды білу, (ре-си бірінші октава шегінде) әнді созып айтуды қалыптастыру музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяк, домбыра, сазсырнайда, барабан және		Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды; (ре-си бірінші октава шегінде) әнді созып айтады; музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты

	металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.	жүгірумен береді;
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).</p> <p><b>Заттық әлем:</b> қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары:</b> көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b> бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</b> ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтау.</p> <p><b>Менің -Отаным Қазақстан:</b> Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Жолда жүру ережелері:</b> бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Өлі табиғат заттары мен заттары:</b> балаларды ауа райына сәйкес киіндіру;</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі:</b> өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p><b>Жануарлар әлемі:</b> жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p> <p><b>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары:</b> балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін</p>	<p>Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді;</p> <p>ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрайды;</p> <p>Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды; өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсінеді; жабайы аңдарды, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін біледі; сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтады;</p>

		қалыптастыруды жалғастыру.	

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> жан-жаққа қосалқы қадаммен жүру (оңға және солға), тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру, сапта бір-бірден жүгіру, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып еңбектеу; оңға, солға бұрылып секіру; оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға лақтыру (2–2,5 метр қашықтықтан), бір-бірден сапқа тұру.</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар:</b> таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолдарын алға-артқа сермеу; тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату; екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> шанамен сырғанау: мұз жолымен өз бетінше сырғанау.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету;</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b> балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға үйрету;</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру:</b> өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін түсіну.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</b> дәретханаға барғаннан кейін қолды</p>	Тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, еңбектейді; шанамен сырғанайды және мұзды жолдармен өз бетінше сырғанайды; доптарды домалатады

	<p>жууға үйрету.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:</b> киімдерді жинауға үйрету;</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> аяқтарды, денені шаю;</p>	
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту;</p> <p><b>Сөздік қор:</b> баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> сан есімдерді ретімен атауға;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> балаларды әңгіме айтуға үйрету;</p>	Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі; сан есімдерді ретімен атайды,
<b>Көркемәдебиет</b>	Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.	Шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b></p> <p>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда өз және құрдастарының әрекетін түсінуге баулу</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p>	Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда өз және құрдастарының әрекетін түсінеді.

	<p>Қазақ тіліне тән қ дыбысын жеке,сөз ішінде анық айтуға баулу</p> <p><b>Сөздік қор</b></p> <p>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Етістіктің болымсыз түрін қолдана білуге уйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Өзі мен құрдастарының жауаптарында дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.</p>	<p>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсінеді</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b> тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p><b>Сан, санау:</b> қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету;</p> <p><b>Шама:</b> екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып салыстыру;</p> <p><b>Геометриялық фигуралар:</b> сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау);</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау:</b> заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр);</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>	<p>Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие;</p> <p>сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру; нәтижелерін атайды;</p> <p>«ертең» ұғымдарын ажыратады;</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың</p>	<p>Қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде</p>

	арасындағы қашықтықты сақтау.	дұрыс орналастырады;
<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.	Бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады;
<b>Жапсыру</b>	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.	Жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қияды; бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді;
<b>Құрастыру</b>	Оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау: <b>Қағаздан құрастыру:</b> қағазды ілмекке айналдыра білу. <b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:</b> қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру.	Заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; қалдық заттардан құрастырады;
<b>Музыка</b>	Таныс шығармаларды білу, Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету. тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,	Таныс шығармаларды таниды қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс

	<p>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p>	<p>алуды біледі;</p> <p>музыканың ырғағымен жүреді,</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру).</p> <p><b>Заттық әлем:</b> қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру:</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b> топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу;</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</b> әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға үйрету;</p> <p><b>Менің -Отаным Қазақстан:</b> Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту;</p> <p><b>Жолда жүру ережелері:</b> бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Өлі табиғат заттары мен заттары:</b> қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды);</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі:</b> өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p><b>Жануарлар әлемі:</b> бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы;</p>	<p>Ойыншықтарға ұқыпты қарайды; ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектеседі; жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі;</p> <p>мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым-қатынас негіздерін біледі;</p>

		<b>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары:</b> амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу,	

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қаңтар	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> сапта бір-бірден жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдік сақтау; шеңбер бойымен жүгіру; алға қарай еңбектеу; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру;</p> <p>1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) лақтыру; шеңберге тұру;</p> <p><b>Бірғақтық жаттығулар:</b> таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру; бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру; тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру;</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау, бір-бірін сырғанату;</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу;</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b> балаларды қимылды ойындарға қатысуға тарту.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру:</b> тістерді тазалаудың пайдасын ұғындыру;</p>	<p>Заттарды қашықтыққа лақтырады, гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; тістерді тазалаудың пайдасын; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын сақтайды;</p>

	<p><b>Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</b> ластанған кезде қолды жууға үйрету;</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:</b> киімдерді ілу, ересектердің көмегімен оларды тазалау;</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю;</p>	
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу;</p> <p><b>Сөздік қор:</b> сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> оларды зат есімдермен септіктерде;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттер арқылы сөйлеу;</p>	Ақырын, жылдам сөйлейді; адамдардың мамандықтарын білдіретін зат есімдерді, еңбек әрекетін білдіретін етістіктерді біледі;
<b>Көркем әдебиет</b>	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету;	Шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды;
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b></p> <p>Сахналық қойылымда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл күйін жеткізуге баулу</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>Қазақ тіліне тән ү дыбысын жеке,сөз ішінде анық айтуға баулу</p> <p><b>Сөздік қор</b></p>	<p>Сахналық қойылымда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл күйін жеткізеді.</p> <p>Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын біледі</p>

	<p>Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Бір-біріне неге? не үшін? деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру</p>	<p>Бір-біріне неге? не үшін? деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қояды.</p>
